

ҚОСШЫ ҚАЛАСЫ МӘДЕНИЕТ ҮЙІ ЖАНЫНДАҒЫ ҮЙІРМЕ ҰЖЫМДАРЫНЫҢ ЕСЕПТІК КОНЦЕРТІ

29 қараша (сенбі) 11:00
Қоғамдық-мәдени орталық

«Войско» фольклор үйірмесі
«Сән орындары» эстрадалық үйірмесі
«Шегер» думбыра үйірмесі
«Қобыз үйі» қобыз үйірмесі
«Тыңсым орындары» жетіген үйірмесі
«Сәлеметті» эстрадалық үйірмесі
«Құрметті» эстрадалық үйірмесі
«Ақсары» эстрадалық үйірмесі
«Ұлттық би» үйірмесі
«Қауқар» тобы
«Ай-Қарама» тобы

Қадірлі көрермен! 29 қарашада сағат 11:00-де Қоғамдық мәдени-спорт кешенінде Қосшы қаласы Мәдениет үйі жанындағы үйірме ұжымдарының есептік концерті өтеді. Бұл шара барысында алдарыңызда күмбірлеген күй, мың бұралған би, әулетте шырылған ән орындалады. Керемет кештің қонағы болыңыздар!

ҚОСШЫ ҚАЛАСЫНЫҢ ҚОҒАМДЫҚ МӘДЕНИ-СПОРТ КЕШЕНІ

КАЗАХИ SHOW CONCERT
KOSHY GALASY

NURBEK SALAMATOV
ЖЕКЕ ШАҒАРАЙ ШЫҒАРМАШЫ КЕШІ

КЕШ ҚОНАҚТАРЫ:
ӘДІЛЕТ ЖАУҒАШАР | АЙГҮЛ ИМАНБАЕВА

+7 702 535 59 18

Қосшы қаласының тұрғындары және қала қонақтары! Сіздерді 30 қарашада сағат 19:30-да Қоғамдық мәдени-спорт кешенінде өтетін Нұрбек Саламатовтың «Қазақи той-шоу концертіне» шақырамыз. Кеш қонақтары: Әділет Жауғашар, Айгүл Иманбаева. Әнге, көңіл-күйге, ұлттық рухқа толы кешті бірге тамашалаңыздар! Қосымша сұрақтар бойынша: 8702 535 59 18.

ҚОСШЫ ҚОСШЫ МӘДЕНИЕТ ҮЙІ

10 ЖИЛТОҚСАН 18:00

Жансырым
ҚАЗАҚИ ШОУ
ШҒАРМАШЫЛЫҚ КЕШ

ЖАНДАРБЕК БҰЛҒАҚОВ
СЫРЫМ ДҮЗЕКХАН

Құрметті Қосшы қаласының және Тайтөбе ауылының тұрғындары! 10 желтоқсанда сағат 18:00-де қаладағы Қоғамдық мәдени-спорт кешенінде белгілі айтыскерлер Жандарбек Бұлғақов пен Сырым Дүзекхан «Жансырым» атты рухани-әзіл кешін өткізеді. Айтыс сахнасында танылған қос талант бұл жолы әзіл орындап, ән айтып, көрермендермен импровизациялық көріністер ойнайды. Көріп, көзайым болыңыздар!

КРОССВОРД 7-БЕТТЕ

№47 (186)

29 ҚАРАША
СЕНБІ
2025 ЖЫЛ

ГАЗЕТ 2022 ЖЫЛДЫҢ
22 АҚПАНЫНАН
БАСТАП ШЫҒАДЫ

Jaña Bastau

www.janabastau.kz



ГАЗЕТКЕ ОНЛАЙН
ЖАЗЫЛУ

ҚОСШЫ ҚАЛАСЫНЫҢ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТИ

ӨНІРДІҢ ӨНЕРКӘСІБІН АРТТЫРАТЫН БІРЕГЕЙ ЖОБА

Қосшы қаласының әкімі Азамат Есімұлы жаңа ашылған «Слово и Дело KZ» ЖШС иелігіндегі «SD» өндірістік кешенінің жұмысымен арнайы барып танысты. Қала басшысының сапары барысында кәсіпорын жетекшісі Александр Скориков өндіріс үдерісін жан-жақты көрсетіп, шығарылатын өнімдер мен технологиялық мүмкіндіктер туралы толыққанды ақпарат берді.



Фотосурет: Қосшы қаласы әкімдігінің баспасөз қызметі



Жаңадан іске қосылған өндірістік кешен автоматты жылжымалы және автоматты айналмалы есіктерге арналған, сондай-ақ алюминий профильдерін өңдеуге қажетті құрал-жабдықтарды шығарады. Оның Қазақстанда дәл осындай бағытта автоматтандырылған есіктерге арналған жабдық өндіретін жалғыз кәсіпорын екенін ерекше атап өткен жөн. Қала әкімдігі баспасөз қызметінің хабарлауына, аталған өндіріс Қосшы қаласының өнеркәсіп картасындағы маңызды нысандардың біріне айналып отыр. Енді бұл кәсіпорынның іске қо-

сылуы өңір экономикасын әртараптандыруға, жаңа жұмыс орындарын ашуға, жергілікті шағын және орта бизнестің дамуына оң әсер етуге тиіс. Александр Скориковтың айтуынша, кәсіпорын толық отандық өндіріс талаптарына сай жабдықталған. Онда заманауи станоктар, автоматты басқару жүйелері және сапаны бақылаудың жаңа тәсілдері енгізілген. Бұл өндірілетін өнімнің сенімділігі мен бәсекеге қабілеттілігін арттырып, ішкі нарықтағы импортты алмастыруға мүмкіндік береді. Қала әкімі өз кезегінде мұндай жобалардың

Қосшы үшін маңызы зор екенін айтып, кәсіпорын қызметкерлерінің еңбегіне табыс тіледі. Осы орайда ол қалада индустриялық аймақ қалыптастыру, өндірісті қолдау және жергілікті кәсіпорындарға қолайлы жағдай жасау бағытындағы жұмыстар жалғасатынын да атап өтті. Биыл іске қосылған «SD» өндірістік кешені – Қосшы қаласының инновациялық және өндірістік дамуына серпін беретін жаңа қадам. Кәсіпорын ұжымы алдағы уақытта өнім түрлерін кеңейтіп, экспорттық әлеуетті арттыруды жоспарлап отыр.

ҚЫСҚА-НҰСҚА

Рим қаласында өткен Fibonacci International Robot Olympiad халықаралық беделді жарыста 3 келі SUMO санаты бойынша абыроймен өнер көрсеткен Қосшы қаласының Jana beles балаларды дамыту орталығының командасы I орын иеленді.

Шымкент қаласында өткен республикалық «Сөз маржаны – терме» байқауында Қосшы қаласы Мәдениет үйінің әншісі Жасұлан Есімхан Бас жүлдеге ие болды.

Ақмола облысы Жастар ресурстық орталығының жыл сайынғы мемлекеттік жастар саясатын іске асыру жоспары аясында «Облыстық талантты жастар – 2025» фестивалі өтті. Бұл байқауда Қосшы қаласы Мәдениет үйінің өнерпазы Зарина Тоқтарова I орын иеленді.

Ақмола облысында ауыл шаруашылығы қызметкерлері күніне арналған салтанатты іс-шара өтті. Шара барысында өңірдің аграрлық саласындағы үздік мамандар марапатталды. Қосшы қаласынан Динара Темірханова Ауыл шаруашылығы министрлігінің Құрмет грамотасын алды.

Қосшы қаласындағы ALAN дене шынықтыру-сауықтыру кешенінде 2014-2015 жылы туған қыздар арасында республикалық волейбол турнирі өтті. Жас спортшылар екі күн бойы тартысты әрі жоғары деңгейдегі ойын көрсетіп, өз шеберліктерін жан-жақты дәлелдеді.

Жарыс қорытындысы бойынша, 1-орынды Астана қаласының командасы, 2-орынды Солтүстік Қазақстан облысының командасы, 3-орынды ШҚО, Өскемен қаласының командасы иеленді.

«Шабьт» XXVIII Халықаралық шығармашыл жастар фестивалінде Қосшы қаласы Мәдениет үйінің Tartu фольклорлық ансамблі «фольклорлық ұжым» номинациясы бойынша 3-орынға ие болды. Ансамблдің жетекшісі – талантты күйші Мейрам Айтмағанбетов. Ансамбль құрамындағы өнерпаздар домбыра, жетіген, қылқобыз, сазсырнай, примақобыз, дауыппаз, шаңқобыз аспаптарымен өнер көрсетеді.

ТАҚТАЙДАЙ ТЕГІС ЖОЛДАР АРТА ТҮСТІ

Ақмола облысында жергілікті маңызы бар автожолдарды дамыту жұмыстары биыл да жоғары қарқынмен жалғасын тауып отыр. Жалпы өңір бойынша жолдарды салу мен жөндеуге 65 млрд теңге бөлініп, 150-ге жуық жоба іске асқан. Оның ішінде 60-қа жуық елді мекеннің көше-жол желісі жөнделіп, бірінші кезекте бұрын басталған жобаларды аяқтауға басымдық берілді.

Жергілікті маңыздағы жолдарға биыл бірқатар ауқымды жоба қосылды. Олардың қатарында «Шучье-Степняк», «Бабатай-Волгодоновка-Береке-Бұлақсай», «Ақкөл-Азат-Новорыбинка», «Шучье-Николаевка», «Еленовка-Чистополье-Есіл», «Бұзылық-Алматы» бағыттары бар. «Қысқы кезеңде бас мердігер «Сервис НС» ЖШС өзінің жауапкершілігіне бекітілген учаскеде қызмет көрсетуді іске асырады. Бұл учаске – «Жақсы-Есіл-Бұзылық» республикалық маңызы бар автокөлік жолының 80-82 шақырымындағы Есіл өзені арқылы өтетін көпірді салумен қоса жүргізілетін күрделі жөндеу нысаны», - дейді «Қазавтожол» ҰК» АҚ

Ақмола филиалы директорының орынбасары Рүстем Әбілов. Бұл ретте жол жөндеу жұмыстары тек Көкшетау қаласында ғана емес, Қосшы, Талапкер, Қоянды, Қараөткел, Зеренді, Атбасар, Державинск, Қорғалжын және басқа да елді мекендерде қарқынды жүргізіліп жатыр. Құрылыс сапасын бақылау мақсатында Жол активтерінің ұлттық сапа орталығымен 250 млн теңгелік келісімшарт жасалған. «Облыстағы барлық жолды бір жыл ішінде жөндеу мүмкін емес. Сарапшылардың есептеуінше, өңірдегі барлық жергілікті жолды нормативке келтіру үшін кемі 300 млрд теңге қажет. Сондықтан басымдық алдымен халық

тығыз орналасқан ауылдар, өндірістік нысандарға баратын жолдар, бірнеше елді мекенді қосатын бағыттарға беріледі», - дейді Рүстем Әбілов. Сонымен қатар Ақмола облысының жолдары қысқы кезеңде жан-жақты дайындалып жатыр. Бұл ретте қысқы техникалық қызмет көрсету 12 мың шақырым жолды қамтиды. Биылғы қараша-желтоқсан айларына өңір бойынша 1021 техника мен 5,4 мың тонна жанармай, және 8 мың тонна тайғаққа қарсы материал қарастырылған. Сол себепті облыстық аудандық және ауылдық елді мекендер деңгейінде арнайы техника дайындалып, мердігер ұйымдармен келісімшарттар жасалды.



Фотосурет: Қосшы қаласы әкімдігінің баспасөз қызметі

ТАЗА АУЫЗСУ ҚҰБЫРЛАДЫ АРТЫЛЫП БОЛДЫ

Қосшы қаласында тұрғындарды сапалы ауызсумен қамту бағытындағы инфрақұрылымдық жаңғырту жұмыстары жүйелі түрде іске асып отыр. Бұл – қала халқының өмір сапасын жақсартуға тікелей әсер ететін стратегиялық маңызды бағыттың бірі.

Фотосурет: Қосшы қаласы әкімдігінің баспасөз қызметі



Еске сала кетсек, «Қосшы қаласында сумен жабдықтау желілерінің құрылысы, 4-кезек» атты ауқымды жоба 2022 жылы басталған болатын. Жобаның бас мердігері – «Мелиоратор» ЖШС. Содан бері қала аумағында су жүйесін кеңейту және жаңарту бойынша үлкен құрылыс жұмыстары жүргізіліп келеді.

Қазір бірнеше негізгі бағыттағы жұмыстар аяқталуға жақын. Оның ішінде қаланың жаңа және ескі бөліктеріне су құбырларын төсеу, магистральді жылу желілерін қысымға сынау, көшелерді су жүйесіне қосу, жеке үйлер мен абоненттерге су желілерін тарту сияқты үдерістер бар.

Мамандардың айтуынша, атқарылған жұмыстың жалпы көлемі 95 пайызға жеткен. Қалған бөлігін аяқтау қарқыны да жоғары. Қазір мердігер ұйым жоспарланған мерзімнен кешікпеуге

күш салып жатыр.

Жоба толық аяқталып, су жүйесін іске қосу осы қараша айының соңына дейін жоспарланған. Бұл – қала халқы көптен күткен маңызды жаңалық. Өйткені жаңартылған инженерлік желілердің іске қосылуы Қосшыдағы ауызсу сапасын арттырып, үздіксіз әрі тұрақты су беру мүмкіндігін едәуір жақсартады. Сонымен қатар жаңа инфрақұрылым болашақта қаланың өсуін, жаңа тұрғын үйлер мен нысандардың қосылуын да қамтамасыз етеді.

Қосшы қаласы әкімдігінің баспасөз қызметі құрылыс барысы күнделікті бақылауда екенін мәлімдеді. Ведомство тарапынан сапаға, қауіпсіздік талаптарының сақталуына және жұмыс мерзімдерінің орындалуына ерекше назар аударылып отыр.

Әскери әлеуетіміз әлді ме?

2025 жылы еліміз халықаралық әскери рейтингтерде көшбасшы орындардың бірін сақтап қалды. Мысалы, Global Firepower (GFP) 2025 жылғы тізімінде Қазақстан Қарулы Күштері 145 мемлекет арасынан 57 орын алған. Бұл – Орталық Азия елдері арасындағы ең жоғары нәтиже. Негізінен бұл рейтингтегі артықшылықтар қатарына қаруланған күштер саны, техника паркі, логистика, әлеует пен географиялық артықшылықтар кіреді.

2024-2025 жылдардағы ресми дерекке сәйкес, ҚР Қарулы Күштерінде шамамен 110 мың әскери қызметкер бар. Бұл ретте резервтік құрам мен қорғаныс өндірістік әлеуетті ескерсек, жалпы есепте әртүрлі дереккөздің сан жағынан айырмашылық болуы мүмкін. Дегенмен Military Power Rankings сияқты тәуелсіз сыртқы дереккөздер ҚР Қарулы Күштерін «40 мың белсенді әскери қызметкер, резервте 50 мың адам, сондай-ақ әдеттегі парамилитарлық, Ұлттық ұлан және шекара қызметінде 30 мың адам бар деп жіктеп тұрып көрсеткен.

Ал қолда бар мәліметке сүйенсек, Қазақстанның құрлық әскерлері – негізгі компонент. Былтыр жарияланған жыл қорытындысының ақпаратында олардың қатарына шамамен 25 мың сарбаз кіретіндігі хабарланған. Бірақ құрамды кеңейту мен модернизация бағдарламалары аясында, кәсібилік пен біліктілікті арттыруға бағытталған бастама бойынша контрактті қызметкерлердің үлесі артып келеді.

Мемлекеттік қолдауға келсек, 2024 жылы қорғаныс саласына бөлінген қаржы 1,2 трлн теңге, ал 2025 жылы 666,7 млрд теңге шамасында болды. Халықаралық сарапшылар есебінше, 2025 жылға арналған жалпы қорғаныс бюджеті шамамен 2,1 млрд АҚШ долларын қамтыған. Әйтеуір бір анығы, был елдің қорғаныс өндірістік базасын нығайтуға деп мемлекеттік бюджеттен 120 млрд теңге бөлінген еді. Ол қаржы әскери өнеркәсіп кешенін дамыту, өзге де қару-жарақ, ұрыс техникасы, снарядтар өндірісіне бағытталған.

Жалпы, 2022-2025 жылдар аралығында Қарулы Күштерде айтарлықтай реформалар іске асырылды. Оның ішінде контракт қызметкерлері үлесін арттыру, оқу тәрбие жүйесін жаңарту, халықаралық ынтымақтастық пен бітімгерлік қызметтерге белсене қатысу бар. Биыл Бас штаб пен Қорғаныс министрлігі цифрлық трансформация, радиоэлектрондық күрес, ұшқышсыз авиациялық жүйелер, логистика және техникалық тылдық қамтамасыз ету салаларын алға қойған.

Оқырманды Қарулы Күштердегі техниканың қызықтырағы сөзсіз. Оған да тоқталып көрсек, биылғы деректе танктер 350 дана, бронды көліктер 7,736 дана, өздігінен жүретін артиллерия 126 дана, сүйретілетін артиллерия 194 дана, көп орындық зымыран жүйелері 407 дана деп тіркелген. Оның ішінде «бронды техника» дегенде, оның өзі жеңіл бронды көліктер, бронды жаяу әскер машиналары

(БЖАМ, БКМ), бронды персонал тасымалдаушылар деп жіктелетінін ескерген жөн. Артиллерия мен MLRS саны да солай, бұл жерде нақты жаңа, модернизацияланған бөлігі мен ескі, соғыстан қалған бөлігі туралы ақпарат ашық емес. Сарапшылар рейтинг көрсеткіштерінің кейде жалпылама алынатынын, бірақ олардың жаппай даярлық пен тиімділігі әртүрлі болатынын ескертеді. Бірақ ескіні есіркеп, жаңаны жатырқап отырмайтын қорғаныс саласы былтыр бронды техника мен авиация бойынша бір топ жаңарту жасады. Атап айтқанда, өзіміздің «Арлан» БКМ-дан 53 және түркиялық COBRA II БКМ-дан 45 техника алды. Ал өздеріндегі бұрынғы 85 әскери, әуе техникасы жөндеуден өтіп, модернизацияланған.

GFP-нің биылғы дерегіне, ҚР Қарулы Күштерінде 198 ұшақ және 65 тікұшақ бар екен. Сондай-ақ былтыр елге алғаш рет Airbus A400M Atlas ауыр әскери көліктік ұшағы жеткізілген болатын. Ол ұшақ бір жүк рейсінде 37 тоннаға дейінгі жүк көтере алады. Бір қызығы, біздегі әуе күштері бұрын да бірнеше транспорттық ұшақтар мен тікұшақтар ұстағанмен, қазір олардың нақты саны ашық емес. Әр дереккөз әртүрлі көрсетіп тұр.

Осындай барлық жаңартулар 2022 жылы қабылданған жаңартылған әскери доктрина аясында іске асып жатыр. Мысалы, біз атап көрсеткен сандар – рейтингтер мен сыртқы бағалауларға негізделген. Олар «нақты қызметтегі, дайын техника» мен «бар, бірақ құжатта тұрған техника» арасындағы айырмашылықты көрсетпейді. Жоғарыда аталған «7,736 бронды техника» дегеніміз нақты әзір, соғысқа жарамды, түгелдей дайын немесе бір бөлігі әскерлендірілген бронды машиналар ма, ол жағы тағы белгісіз. Кей сарапшылар ол деректерді «ішінде жеңіл машиналар да, ауыр бронетехника да бар, бірақ оның бәрі бірдей соғысқа лайық емес» дегенді ескертеді.

Шын мәнінде жоғарыда атап көрсеткен «сау-сақпен санарлық» техникалық әлеуетпен құрлық, артиллерия, бронды және әуе техникасы жағынан Орталық Азия және өзге посткеңестік елдермен салыстырғанда, ең күшті құрылымдардың бірі бола алмас едік. «Әскери құпия» деген ұғымның аясы кең ғой. Әйтпесе, бірқатар заманауи жаңарту мен сатып алулар жасалып, әсіресе бронды техника мен әуе көліктерінің қатарын арттырып жатқанымыз анық.

Еркеғали БОЛАТҰЛЫ

«КЕНТ, АУЫЛ ЖЕРЛЕРІНЕН ЖЕР УЧАСКЕСІН БЕРУ» МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ

Мемлекеттік қызмет көрсету тәсілдері порталы:

«Электрондық үкіметтің» веб-порталы (бұдан әрі – портал) және «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы арқылы

1 КЕЗЕҢ

Мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі:

1. Жеке тұрғын үй құрылысы үшін:

1) «Елді мекен шегінде объект салу үшін жер учаскесін беру» мемлекеттік қызметін көрсету қағидаларына (бұдан әрі – Қағидалар) 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша елді мекен шегінде объект салу үшін жер учаскесін беруге өтініш;

2) жер учаскесінің орналасу схемасы.

2. Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 284-бабына сәйкес инвестициялық жобаларды іске асыру үшін:

1) Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша елді мекен шегінде объект салу үшін жер учаскесін беруге өтініш;

2) сұралып отырған жер учаскесінің схемасы (жоспары);

3) мемлекеттік меншіктен жер учаскелерін беру үшін өңірлік үйлестіру кеңесінің инвестициялық жобаны айқындау туралы шешімі.

3. Қазақстан Республикасы Жер кодексінің (бұдан әрі – Жер кодексі) 71-бабына сәйкес, бұрын құрылыс мақсаттары үшін іздестіру жұмыстарын жүргізген аумақта ғимараттар (құрылыстар, құрылысжайлар) және олардың инженерлік-коммуникациялық желілерін салу үшін, егер олар бұрын үшінші тұлғаларға тиесілі жер учаскелеріне құқықты сатып алған жағдайда, егжей-тегжейлі жоспарлау жобасына сәйкес жоспарланған құрылыс шегінде:

1) Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша елді мекен шегінде объект салу үшін жер учаскесін беруге өтініш;

2) сұралып отырған жер учаскесінің схемасы (жоспары);

3) іздестіру жұмыстарын жүргізуге рұқсат.

4. Қазақстан Республикасының арнайы экономикалық және индустриялық аймақтар туралы заңнамасына сәйкес, арнайы экономикалық аймақтың немесе республикалық немесе өңірлік маңызы бар индустриялық аймақтың қатысушысына, арнайы экономикалық аймақтың немесе индустриялық аймақтың басқарушы компаниясына:

1) Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша елді мекен шегінде объект салу үшін жер учаскесін беруге өтініш;

2) сұралып отырған жер учаскесінің схемасы (жоспары);

3) арнайы экономикалық аймақтың немесе индустриялық аймақтың қатысуын растайтын құжат.

5. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарында көзделген объектілерді, мемлекеттік мүдделерді және өнеркәсіптік-инновациялық жобаларды қамтамасыз ететін инвестициялық жобаларды салу үшін:

1) Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша елді мекен шегінде объект салу үшін жер учаскесін беруге өтініш;

2) сұралып отырған жер учаскесінің схемасы (жоспары);

3) жергілікті атқарушы органның шешімі және жобаны инвестициялық деп тану.

6. Жер кодексінің 9-бабы 3-тармағына сәйкес, отандық өнеркәсіп кәсіпорындарына:

1) Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша елді мекен шегінде объект салу үшін жер учаскесін беруге өтініш;

2) сұралып отырған жер учаскесінің сызбасы (жоспары).

7. мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын іске асыру үшін жекеше әріптестерге не концессиялық жобаларды іске асыру үшін концессионерлерге:

1) Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша елді мекен шегінде объект салу үшін жер учаскесін беруге өтініш;

2) сұралып отырған жер учаскесінің схемасы (жоспары);

3) мемлекеттік-жекешелік әріптестік туралы шарт немесе концессия шарты.

8. Инвестициялық және инновациялық жобаларды іске асыру үшін әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорацияларға:

1) Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша елді мекен шегінде объект салу үшін жер учаскесін беруге өтініш;

2) сұралып отырған жер учаскесінің схемасы (жоспары);

3) мемлекеттік-жекешелік әріптестік туралы шарт немесе концессия шарты.

9. Өнеркәсіптік-инновациялық жобаларды іске асыру үшін өнеркәсіптік-инновациялық қызмет субъектілеріне:

1) Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша елді мекен шегінде объект салу үшін жер учаскесін беруге өтініш;

2) сұралып отырған жер учаскесінің схемасы (жоспары);

3) жергілікті атқарушы органның шешімі және жобаны инвестициялық деп тану.

Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі:

сұралып отырған жер учаскесін мәлімделген нысаналы мақсаты бойынша пайдалану мүмкіндігін айқындау, жер учаскесін таңдау актісін дайындау, сәулет-жоспарлау тапсырмасын, инженерлік желілерге қосылуға техникалық шарттарды және топографияны жасау – 28 (жиырма сегіз) жұмыс күні ішінде.

2 КЕЗЕҢ

Мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі:

1. келісілген жер учаскесін таңдау актісі, жер-кадастрлық жұмыстар қызметтері үшін ақы төленгенін растайтын төлем құжатының көшірмесі/электрондық көшірмесі.

Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі: жер учаскесін таңдау актісін келісу және көрсетілетін қызметті алушы жер-кадастрлық жұмыстардың қызметтері үшін ақы төлеу кезінде жер-кадастрлық жоспарды қоса бере отырып, жер учаскесіне жер пайдалану құқығын беру туралы шешім шығару, уақытша (қысқа мерзімді, ұзақ мерзімді) өтеулі (өтеусіз) жер пайдалану шартын жасасу – 18 (он сегіз) жұмыс күні ішінде.

Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны: Электрондық (ішінара автоматтандырылған)/қағаз түрінде.

Ұлпан АЛИМОВА,

«Қосшы қаласы Тайтөбе ауылы әкімінің аппараты» ММ бас маманы



Фотосурет: Тайтөбе қаласының әкімдігі

ҚҰРМЕТТІ ТАЙТӨБЕ АУЫЛЫНЫҢ ТҰРҒЫНДАРЫ!

Президенттің «Әкімдердің халықпен кездесулерін өткізу туралы» 2022 жылғы 3 наурыздағы №826 Жарлығына сәйкес, 2025 жылғы 12 желтоқсанда сағат 15:00-де Қосшы қаласының әкімі А.Е. Қапышевтің Тайтөбе ауылының тұрғындарымен кездесуі өтеді.

Кездесу Тайтөбе ауылының «Мәдениет үйі» ғимаратында өтеді. Мекенжайы: Т. Бигелдин көшесі, 18 а.

УВАЖАЕМЫЕ ЖИТЕЛИ СЕЛА ТАЙТӨБЕ!

В соответствии с Указом Президента от 3 марта 2022 года №826 «О проведении встреч акимов с населением» 12 декабря 2025 года в 15:00 состоится встреча акима города Қосшы А.Е. Капышева с жителями села Тайтөбе.

Встреча пройдет в здании «Дома культуры» села Тайтөбе, по адресу: улица Т. Бигелдина, 18а.

ҮЛГІЛІ ОТБАСЫЛАР ӨНЕГЕСІ

Қосшы қаласында Ардагерлер кеңесінің бастамасымен «Ұрпақ жетістігі – отбасы қуанышы» атты тәрбиелік маңызы зор кеш ұйымдастырылды. Шараның мақсаты – ұрпақтар сабақтастығын нығайту, отбасы құндылықтарын дәріптеу, үздік отбасылардың өмір жолын жастарға үлгі ету.

Кеш барысында түрлі салада жетістікке жеткен отбасы мүшелерімен сұхбат ұйымдастырылып, өмірлік тәжірибе, ата-ана мен бала арасындағы сенім мен сыйластық туралы тағылымды әңгімелер айтылды.

Мұндағы басты мақсат – отбасылық тәрбие мен ұлттық құндылықтарды жаңғырту, ұрпақ сабақтастығын сақтау, үлгілі отбасыларды қоғамға насихаттау. Сол себепті елге өнеге болатын бірқатар үлгілі отбасы мүшелері өз тәжірибелерін бөлісті. Олар өзінің өмірлік ұстанымдары, бала тәрбиесіндегі рөлі, ұрпақ алдындағы жауапкершілігі жөнінде сөз қозғады.

Сондай-ақ сахна төрінде өнер көрсеткен «Замандас» халықтық хоры мен «Есіл-Нұра» ұлт аспаптар ансамблінің өнерпаздары көрерменнің зор қошеметіне бөленді. Шеберлікпен орындалған халық әндері мен күмбірлеген күйлер де кештің мазмұнын аша түсіп, ұлттық құндылықтарымызды ұлықтады. Әсіресе, аға буын мен жас ұрпақтың арасында рухани байланыстың орнауына осы өнер ұжымдарының еңбегі зор болды.

Өнер – ұлттың жаны. Осындай рухани кештер қоғамдағы отбасы институтының маңызы екенін көрсетеді.

Ардагерлер кеңесі ұйымдастырған бұл кешке қаламыздың мақтаншысы, Қазақ экономикалық университетінің профессоры, ҚР Журналистер одағының, Халықаралық жазушылар одағының мүшесі, Қазақстанның құрметті журналисі, Мәдениет қайраткері, Қазақстан журналистер конгресінің лауреаты, БҰҰ аясында құрылған Қазақ-Халықаралық бейбітшілік қоры Алтын медалінің және осы қордың Абылайхан атындағы Алтын медалінің иегері, «Ел ардақтысы» құрметті атағының, Түркі әлемі Ататүрік медалінің иегері, ҚР Еңбек сіңірген қызметкері, «Ерен ең-

бегі үшін» медалының иегері «Абылай заманы» тарихи деректі романының және «Адамды өз атымен атайтын халық» атты көлемді еңбектің, «Қызыларай баурайында» атты эссенің авторы Мұхамедқали Баймұханов қатысты.

Кештің келесі қонақтары – Қосшы қаласының тұрғыны Ризабек Кемеңгеров отбасы. Ризабек Нарманбетұлы 1953 жылы Омбы облысының Әдес ауданына қарасты Қаржас ауылында дүниеге келген. Педагогикалық институттың филология факультетін бітірген. Орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі. Мектептерде директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары және мектеп директоры қызметтерін атқарған. 1985-1988 жылдары Абай атындағы Қазақ ұлттық университетінің аспирантурасында оқыған. Омбы облысында Кемеңгеровтер отбасылық аспаптар ансамблін құрған. Ансамбль Бүкілодақтық халық шығармашылығы фестивалінде екі мәрте (1982, 1987 ж.ж.) лауреат атанды.

Ризабек Нарманбетұлы зейнетке шықса да ағартушылық қызметін жалғастырды. Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университетінің Көпсалалы колледжінде, Астанада А.Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтында қызмет атқарды. Қазір Қосшы қаласында «Есіл-Нұра» ұлт-аспаптар ансамблінің мүшесі. Ансамбль құрамында Астана қаласы, Ақмола облысының сахналарында өнерін көрсетіп келеді.

Зайыбы Күләш Ескендірқызы – 13 бала тәрбиелеп, өсірген ата-ананың үлкен перзенті. Ол Омбы медициналық училищесін бітірген соң, зейнетке шыққанға дейін туған ауылында мамандығы бойынша қызмет атқарған. Алты бала тәрбиелеп, өсірген «Күміс алқа» медалінің иегері.

Ынтымағы жарасқан Кемеңгеровтер



отбасы бос уақытта спортпен шұғылданып, ұлттық өнермен айналысады. Әсіресе футбол мен шахматқа қызығып, ұлттық аспаптарда ойнауды ұнатады. Қайырбек пен Бейбіт мектеп қабырғасында жүргенде-ақ футболдан облыстық спартакиада жүлдегері атанған. Ризабек пен Күләштің барлық баласы шахматтан аудандық және облыстық жарыстарда бірнеше мәрте жүлдегер болған. Отбасында қалыптасқан өнеге мен жақсы дәстүрді қазір немерелері жалғастырып отыр.

Негізінен Кемеңгер әулетінің түп-тамыры қазақтың қасиетті өлкесі – Баянауылдан бастау алған.

Үшінші қонақ – Қосшы қаласының тұрғыны Бектас Кәрімұлы отбасы. Ол – ҚР Суретшілер одағы мен қол-өнершілер одағының мүшесі, ҚР Еңбек ардагері, ҚР Еңбек сіңірген қызметкері. Қазір Қосшы қаласының қоғамдық мәдени-спорт кешенінде жұмыс істейді. Зайыбы Гүлжайнаның мамандығы – мейірбике. Бүгінде екеуі 4 қыз, 1 ұл тәрбиелеп отыр. Үлкен қызы Гүлданың да мамандығы дәрігер. Одан

кейінгі қызы Айсауле – химия пәнінің мұғалімі. Үшінші қыз Ақерке – ағылшын тілі пәнінің мұғалімі. Одан кейінгі Әйгерім – балабақша тәрбиешісі. Кенже ұл Ақжол да мұғалім мамандығы бойынша оқуын 2026 жылы бітіреді.

Кештің төртінші қонағы – Қосшы қаласының тұрғыны Нұржан Ділмановтың отбасы. Ол Қызылорда облысында дүниеге келген. Еңбекке ерте араласып, 2004 жылы мектеп бітіре сала жұмысын ұлттық саз аспап жасау шебері болып бастады. Кәсіпорындарда шебер болып еңбек еткенде аспаптардың заманауи технологиялармен жасалуын жан-жақты насихаттай жүріп, түрлі жетістіктерге жетті. Қазір Қосшы қаласында ұлт аспаптарын жасау бойынша жеке кәсіпкер. Қала әкімінің, облыс әкімдерінің «Құрмет грамоталары» және республикалық деңгейдегі «Алғыс хаттармен» марапатталған. ХХІ ғасырда күн санап дамып келе жатқан саз аспаптарын жасау саласы бойынша 2008 жылы өткен республикалық «Үкілі домбыра» байқауының дипломанты. Республикалық «Аңыз домбыра» бай-

қауының жүлдегері. 2019 жылы өткен «Үкілі домбыра» байқауында бұрынғы президент Нұрсұлтан Назарбаевтың Алғыс хатымен марапатталған.

Бесінші қонақ – Қосшы қаласының тұрғыны Балкен Мұхамеджанованың отбасы. Ол – балалар үйінен шыққан жастарға мейірім және қамқорлық сыйлаған кең жүректі жан, қамқоніл балаларға пана болып, бақытты балалық шаққа мүмкіндік берген ана.

Сонымен, «Ұрпақ жетістігі – отбасы қуанышы» атты тәрбиелік маңызы зор кеш тек өнер мен шабыттың ғана емес, жан жылуы мен отбасы құндылығының да мерекесіне айналды. Қатысушылар өздерінің жетістіктерін бөлісіп, көрерменге берекелі отбасының үлгісін көрсетті.

Іс-шара соңында оған белсенді қатысқан отбасыларға алғыс хаттар мен сыйлықтар табысталып, ризашылық білдірілді.

Гүлбану БАЖИЕВА,
Қосшы қаласы «Аналар» кеңесінің мүшесі

«ДосболLIKE» – татулықты ту еткен бағдарлама

Әр дәуір мектепке өз сынақтарын, үміттерін және көкжиектерін әкеледі. Бүгінде балалар жылдам қарқынмен дамыған коммуникациялар әлемінде өсіп келеді. Ал мектеп бұрынғыдай тек білім беретін орын ғана емес, адамгершілікті үйрететін кеңістікке айналып отыр. Осыған байланысты биылғы оқу жылында білім беру ұйымдарына «ДосболLIKE» буллингтің алдын алу бағдарламасы енгізілді. Бұл бағдарлама – уақыт талабы ғана емес, мектептегі қарым-қатынас мәдениетін өзгертуге бағытталған маңызды қадам.



Көптеген педагог үшін бұл – кәсіби дамудың жаңа белесі, сынып үшін жаңа тыныс. Ал мен үшін 6-сыныптың жетекшісі ретінде тағы бір дәлел: достық, құрмет және қолдау да білім сияқты. Бала

сол арқылы күн сайын, жүйелі түрде, шын жүреппен тәрбиеленеді.

Менің 6-сыныбымда әрқайсысының өз дауысы, өз мінезі, өз арманы бар 24 бала оқиды. Бірақ бәрі бірге, ерекше

тату ұжым.

Бүгінде сыныпта 9 үздік, 15 оқу озаты бар. Оқу сапасы бірнеше жыл қатарынан 100% артып тұр. Әрине, бұл – жай ғана сандар емес, ішкі мәдениеттің,

тәртіптің, өзара құрмет пен қолдаудың көрінісі.

Мұндай атмосфера өз-өзінен пайда болмайды. Ол таңертеңгі шағын әңгімелер, қыын күндерден кейінгі «сенім шеңбері», жылы сөз, созылған қол, тыңдай білуге деген дайындық сияқты күн сайынғы, көзге көрінбейтін, бірақ тұрақты жұмыс арқылы қалыптасады. Осылайша сөзде де, ойда да буллингке орын қалмайтын ұжым мәдениеті нығаяды.

Мектебімізге «ДосболLIKE» бағдарламасы келгенде, мен оны әдістемелік нұсқаулықтар жинағы емес, сыныбымызда қалыптасқан құрмет дәстүрін нығайтатын үлкен мүмкіндік ретінде қабылдадым. Себебі ол бағдарламаның негізінде әр баланың ішкі дауысы естілуге тиіс деген идея жатыр. Әрбір оқушы үшін қажет кезде көмек сұрап, «тоқта» деп айта алатын, пікірін ашық білдіретін қауіпсіз орта құру – мектеп ұжымының міндеті.

Бағдарлама оқушыларға мынадай маңызды сұрақтар қояды:

– Өз эмоцияңды қалай түсінесің?
– Қақтығысқа қалай дұрыс жауап бересің?
– Досың қиындыққа тап болса, не істейсің?
– Интернетте басқа біреуге зиян келтірмей әрекет ету жолы қандай?

Бұл сұрақтарға жауап тіл ұшына бірден орала кетпейді. Бірақ берілген әр жауап жетілген, жауапты тұлғаның негізін қалайды.

Бүгінгі мектептегі тәрбие жұмысы ата-анасыз толық болмайды. Мен өз сыныбымның ата-аналарына зор алғыс айтамын. Олардың ықыласы, сезімталдығы және қолдауы арқасында біз ортақ нәтижеге қол жеткізіп келеміз. Әр жи-

налыс, әр әңгіме – құрмет мәдениетін бірге қалыптастыруға жасалған қадам. Ата-аналар сынып өміріне белсенді қатысады, тәртіп ережелерін қолдайды, балалардың бірін-бірі тыңдай білуіне көмектеседі. Дәл осы ынтымақтастық «ДосболLIKE» бағдарламасының толық ашылуына мүмкіндік береді.

Сынып жетекшісі ретінде мен көрген ең маңызды нәрсе – балалардың адал, батыл әрі бір-біріне қамқор болуды үйренгені. Біздің сыныпта буллинг жоқ. Әрине, бұл өзара қақтығыстар болмайды деген сөз емес. Болады. Бірақ балалар сөйлесуді, тыңдауды, шешім табуын біледі.

Иә, олар біледі:

Бұл жерде оларды тыңдайды.
Бұл жерде оларды қорғайды.
Бұл жерде олардың үні маңызды.
Ал осы сенім – кез келген жағымсыз құбылыстың алдын алудағы ең мықты құрал.

«ДосболLIKE» бағдарламасы мектепке биыл ғана енгізілді. Бірақ ол қазірдің өзінде балаларды, ата-аналарды және педагогтерді ортақ мақсат төңірегіне біріктіріп отыр. Бұл бағдарлама буллингтің алдын алудан да кең құрмет мәдениетін қалыптастырады.

Мұнда әр бала – тұлға, әр дауыс – маңызды, әр күн – болашаққа достықпен, сеніммен және мейіріммен жасалған қадам. Осылайша, мақтануға тұрарлық мектеп қалыптасады, қоғамда татулық пен сыйластықты таңдаған ұрпақ өсіп-жетіледі, мейірім, сенім және өзара түсіністік дәстүрі басталады.

«Қосшы қаласы ІТ мектеп-лицейі»
КММ орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, педагог-шебері

«ЖОЛАМАН ltd» ЖШС, БСН 150440016595, өзін таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекен жай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Алматы ауданы, Юго-Восток тұрғын ауданы (оң жақ бөлігі), Жанкент көшесі, 198 үй. Тел.: 8-702-725-06-16.

ТОО «ЖОЛАМАН ltd», БИН 150440016595, сообщает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: г. Астана, район Алматы, ж/м Юго-Восток (правая сторона), ул. Жанкент, д. 198. Тел.: 8-702-725-06-16.

«Erbolat Food Service» ЖШС, БСН 180840017355, өзін таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекен жай бойынша қабылданады: Алматы аймағы, Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Қабанбай батыр көшесі, 85 үй. Тел.: 8-700-092-03-22.

ТОО «Erbolat Food Service», БИН 180840017355, сообщает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: Алматинская обл., г. Алматы, Алмалинский р-н., ул. Кabanбай батыр, д. 85. Тел.: 8-700-092-03-22.

«Руми Керуен» ЖШС, БСН 161140020212, өзін таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекен жай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Сарыарқа ауданы, Желтоқсан көшесі, 2 үй. Тел.: 8-700-092-03-22.

ТОО «Руми Керуен», БИН 161140020212, сообщает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: г. Астана, район Сарыарқа, ул. Желтоқсан, д. 2. Тел.: 8-700-092-03-22.

«Великий 100» ЖШС, БСН 250340028724, өзін таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекен жай бойынша қабылданады: Ақмола аймағы, Шортанды ауданы, Жолымбет ауылы, Абай көшесі, 17 үй. Тел.: 8-701-260-90-56.

ТОО «Великий 100» БИН 250340028724, сообщает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: Ақмолинская обл., Шортандинский р-н, п. Жолымбет, ул. Абая, д. 17. Тел.: 8-701-260-90-56.

«Semser Security Service» ЖШС, БСН 180140000296, өзін таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекен жай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Алматы ауданы, Рақымжан Қошқарбаев даңғылы, 80/1 үй, 77 пәтер. Тел.8-775-551-63-93.

ТОО «Semser Security Service» БИН 180140000296, сообщает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: г. Астана, район Алматы, проспект Рақымжан Қошқарбаев, д. 80/1, 77 кв. Тел.: 8-775-551-63-93.

«ASTANA – COSMETICS GROUP» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі филиалдарының құрылтай құжаттары, сондай-ақ филиалдар туралы Ережелердің жоғалғанын хабарлайды: «ASTANA – COSMETICS GROUP» ЖШС-нің Семей қаласындағы филиалы, филиалдың БСН: 090241023067, «ASTANA – COSMETICS GROUP» ЖШС-нің Павлодар қаласындағы филиалы, филиалдың БСН: 090441018315. Жоғалған құжаттар күшін жойған деп есептелсін.

Товарищество с ограниченной ответственностью «ASTANA – COSMETICS GROUP» сообщает об утере учредительных документов филиалов, а также Положений о филиалах: Филиал ТОО «ASTANA – COSMETICS GROUP» в городе Семей, БИН филиала: 090241023067; Филиал ТОО «ASTANA – COSMETICS GROUP» в городе Павлодар, БИН филиала: 090441018315. Утраченные документы считать недействительными.

«DALA LABS» ЖШС, БСН 171040032330, өзін таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекен жай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Сарыарқа ауданы, Желтоқсан көшесі, 2 үй. Тел.: 8-700-092-03-22.

ТОО «DALALABS», БИН 171040032330, сообщает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: г. Астана, район Сарыарқа, ул. Желтоқсан, д. 2. Тел.: 8-700-092-03-22.

«Amanbay Motors» ЖШС, БСН 230340022930, өзін таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекен жай бойынша қабылданады: Шымкент қаласы, Қаратау ауданы, Тассай тұрғын ауданы, Мұнайтпасов көшесі, 3 үй. Тел.: 8-777-662-44-88.

ТОО «Amanbay Motors», БИН 230340022930, сообщает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: г. Шымкент, р-н Қаратау, жилой массив Тассай, ул. Мұнайтпасова д. 3. Тел.: 8-777-662-44-88.

«SAULE Food Service» ЖШС, БСН 180640023352, өзін таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекен жай бойынша қабылданады: Алматы аймағы, Алматы қаласы, Медеу ауданы, Достық даңғылы, 63 үй. Тел.: 8-700-092-03-22.

ТОО «SAULE Food Service», БИН 180640023352, сообщает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: Алматинская обл., г. Алматы, Медеуский р-н., пр. Достык, д. 63. Тел.: 8-700-092-03-22.

«Lyaila Food Service» ЖШС, БСН 180840017652, өзін таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекен жай бойынша қабылданады: Алматы аймағы, Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Қабанбай батыр көшесі, 85 үй. Тел.: 8-700-092-03-22.

ТОО «Lyaila Food Service», БИН 180840017652, сообщает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: Алматинская обл., г. Алматы, Алмалинский р-н., ул. Кabanбай батыр, д. 85. Тел.: 8-700-092-03-22.

«Амбир LTD» ЖШС, БСН 200240009903, өзін таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекен жай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Байқоңыр ауданы, Абай даңғылы, 92/1 үй. Тел.: 8-700-506-93-93.

ТОО «Амбир LTD» БИН 200240009903, сообщает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: г. Астана, р-н Байқоңыр, проспект Абай, д. 92/1. Тел.: 8-700-506-93-93.

«Консалтинговая компания Financial-Tax Analytics» ЖШС, БСН 241040032009, өзін таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекен жай бойынша қабылданады: Ақмола аймағы, Қокшетау қаласы, Нұрсұлтан Назарбаев даңғылы, 11 үй, А корпусы, 8 пәтер. Тел.: 8-707-875-56-31.

ТОО «Консалтинговая Компания Financial-Tax Analytics», БИН 241040032009, сообщает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: Ақмолинская обл., г. Қокшетау, пр. Нұрсұлтан Назарбаев, д.11, корпус А, кв. 8. Тел.: 8-707-875-56-31.

«Мост-Ломбард» ЖШС жекеменшік ломбард 2025 жылғы 11 желтоқсанда алтыннан жасалған, 500, 583, 585, 750 сынамалы қайтарылмаған кепіл мүлкін саудаға шығару бойынша аукцион өткізілетінін хабарлайды. Лоттар № 1-763, жалпы салмағы 2262,17 г. Сауда қатысушыларын тіркеу 2025 жылғы 10 желтоқсанда сағат 18:00-де аяқталады. Мүліктің тұрған жері: Астана қ., Бөгенбай батыр даңғылы, 63-үй, 3-пәтер. Төлем тәртібі мен мерзімі: Мүлікті сату туралы хаттамаға қол қойылғаннан кейін 2 жұмыс күнінен кешіктірмей, көрсетілген төлем деректемелеріне аудару арқылы жүргізіледі. Сауда өткізу уақыты мен орны: Астана қ., Жеңіс даңғылы, 34-үй, 10-офис, сағат 09:00. Бағаны өзгерту қадамы – 10%. Сауда өткізу тәсілі – ағылшын әдісі. Уәкілетті тұлға: Гильмияров Владимир Фирдусович. Астана қ., Бөгенбай батыр даңғылы, 63-үй, 3-пәтер. Тел.: 8-705-696-45-56 Төлем деректемелері: «Мост-Ломбард» ЖШС БСН 000640004826 ИИК KZ3396503F0011514073, КБЕ 15 «ForteBank» АҚ, БИК IRTYKZKA.

Астана қаласындағы «Доверие» ломбард ЖШС 2025 жылғы 1 желтоқсанда сағат 09:00-ден 20:00-ге дейін 585/583/750 сынамалы алтыннан жасалған қайтарылмаған кепіл мүлкін сату бойынша сауда өткізіледі. Байланыс телефоны: 8-707-940-05-05.

ТОО «Ломбард «Доверие» г.Астана, сообщает о торгах невыекупленного заложенного имущества из золота 585/583/750 пробы : 1 декабря 2025 г. с 9.00 ч. до 20.00 ч. т.: 8-707-940-05-05.

«TERRA GROUP GDS» ЖШС, БСН 210940034387, өзін таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекен жай бойынша қабылданады: Ақмола аймағы, Қосшы қаласы, 56 ғимарат. Тел.: 8-705-423-02-99

ТОО «TERRA GROUP GDS», БИН 210940034386, сообщает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: Ақмолинская обл., г. Косшы, строение 56. Тел.: 8-705-423-02-99.

«ASEM Food Service» ЖШС, БСН 180540019390, өзін таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекен жай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Абылай Хан даңғылы, 92/87 үй. Тел.: 8-700-092-03-22.

ТОО «ASEM Food Service», БИН 180540019390, сообщает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: Алматинская обл., г. Алматы, Алмалинский район, пр. Абылай Хана, д. 92/87. Тел.: 8-700-092-03-22.

«Gulparan Food Service» ЖШС, БСН 180640023322, өзін таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекен жай бойынша қабылданады: Алматы аймағы, Алматы қаласы, Медеу ауданы, Достық даңғылы, 63 үй. Тел.: 8-700-092-03-22.

ТОО «Gulparan Food Service», БИН 180640023322, сообщает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: Алматинская обл., г. Алматы, Медеуский р-н., пр. Достык, д. 63. Тел.: 8-700-092-03-22.

«Тимур-НС» ЖШС, БСН 200340003224, өзін таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекен жай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Алматы ауданы, Промышленный тұрғын ауданы, Бәйшешек көшесі, 14 үй. Тел.8-701-543-54-09.

ТОО «Тимур-НС» БИН 200340003224, сообщает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: г. Астана, р-н Алматы, жилой массив Промышленный, ул. Бәйшешек, д. 14. Тел.: 8-701-543-54-09.

«Қазақстан Республикасы Лифт шаруашылығы қауымдастығы» заңды тұлғалар бірлестігі, БСН 141240011449, өз қызметін тарататынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде төмендегі мекен жай бойынша қабылданады: Абай облысы, Семей қаласы, Тарбағатай көшесі, 68-үй. Тел.: 8-705-507-26-17

Объединение юридических лиц «Ассоциация лифтового хозяйства Республики Казахстан» БИН 141240011449, сообщает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: область Абай, г. Семей, ул. Тарбағатайская, д. 68. Тел.: 8-705-507-26-17.

ТОО Негосударственный ломбард «Мост-Ломбард» сообщает, что 11.12.2025 г. состоятся торги невыкупленного заложенного имущества из золота 500, 583, 585, 750 пробы: лоты № 1- 763, общим весом 2262,17 гр. Регистрация участников торгов заканчивается 10.12.2025 г. в 18 часов 00 минут. Место нахождения имущества: г. Астана, пр. Бөгенбай батыра, д. 63, кв. 3. Порядок и сроки уплаты: не позднее 2-х рабочих дней после подписания протокола реализации имущества, перечислением на платежные реквизиты. Время и место проведения торгов: г. Астана пр. Жеңіс, д. 34, офис. 10. В 9 часов 00 минут. Шаг изменения цены -10%. Метод проведения торгов: английский. Доверенное лицо: Гильмияров Владимир Фирдусович. Г. Астана, пр. Бөгенбай Батыра, д. 63, кв. 3, тел: 8705-696-45-56.

Платежные реквизиты: ТОО Негосударственный ломбард «Мост-Ломбард», БИН 000640004826, ИИК KZ3396503F0011514073 КБЕ 15. АО «ForteBank» БИК IRTYKZKA.

«ИМАН» ЖК, 770225450461 ЖСН, жоғалған мөрі жарамсыз деп есептелсін. Байланыс телефоны: 8-701-151-50-70.

Утерянну печать на ИП «ИМАН», ИИН 770225450461, считать не действительным. Тел.: 8-701-151-50-70.

«JOL911» ЖШС, БСН 240840033777, өзін таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекен жай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Алматы ауданы, Рақымжан Қошқарбаев даңғылы, 46/1 ғимарат. Тел.: 8-777-579-90-99.

ТОО «JOL911», БИН 240840033777, сообщает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: г. Астана, проспект Рақымжан Қошқарбаев, зд. 46/1. Тел.: 8-777-579-90-99.

«Rumi Moskva metropolitan» ЖШС, БСН 190240038148, өзін таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекен жай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Абай даңғылы, 52 үй. Тел.: 8-700-092-03-22.

ТОО «Rumi Moskva metropolitan», БИН 190240038148, сообщает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: г. Алматы, Бостандықский район, пр.Абая, д. 52в. Тел.: 8-700-092-03-22.

«Театральная 11», Мүліктік Меншік Иелері, БСН 221240000391, өзін таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекен жай бойынша қабылданады: Ақмола аймағы, Шортанды ауданы, Жолымбет ауылы, Театральная көшесі, 11 үй, 17 кеңсе. Тел.8-701-260-90-56.

Объединение Собственников Имущества «Театральная11» БИН 221240000391, сообщает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: Ақмолинская обл., Шортандинский р-н, п. Жолымбет, ул. Театральная, д. 11, офис 17. Тел.: 8-701-260-90-56.

«COVER THE WORLD» ЖШС, БСН 230740009382, өзін таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекен жай бойынша қабылданады: Шымкент қаласы, Қаратау ауданы, Нұрсат шағын ауданы, 115 ғимарат, 4 пәтер. Тел.: 8-747-577-61-85.

ТОО «COVER THE WORLD» БИН 230740009382, сообщает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: г. Шымкент, р-н Қаратау, микрорайон Нұрсат, здание 115, кв. 4. Тел.: 8-747-577-61-85.

«Ақтау Ғылым мектебі» ЖШС, БСН 220340041726, өзін таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекен жай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Сарайшық ауданы, Жүмекен Нәжімеденов көшесі, 14/1 үй, 3 пәтер. Тел.: 8-701-543-54-09.

ТОО «Ақтау Ғылым мектебі» БИН 220340041726, сообщает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: г. Астана, р-н Сарайшық, ул. Жүмекен Нәжімеденов, д.14/1, кв. 3. Тел.: 8-701-543-54-09.

«МК Экстра Ломбард» ЖШС өтелмеген кепіл мүлкін голландиялық әдіспен сату бойынша сауда-саттық өткізілетінін хабарлайды. Сауда-саттық келесі күндері өтеді: 2025 жылғы 1-5 желтоқсан; 8-12 желтоқсан; 15 желтоқсан; 17-19 желтоқсан; 22-26 желтоқсан; 29-30 желтоқсан. Уақыты: 10:00–13:00. Өтетін орны: Астана қаласы, Керей және Жәнібек хандар көшесі, 11-үй.

ТОО «МК Экстра Ломбард» сообщает о проведении торгов по голландскому методу невыкупленного залогового имущества, который состоится: с 01 по 05 декабря 2025 г, с 08 по 12 декабря 2025 г, 15 декабря, с 17 по 19 декабря 2025 г, с 22 по 26 декабря 2025 г, с 29 и 30 декабря с 10:00 до 13:00 по адресу: г. Астана, ул. Керей и Жанибек хандар 11.

«Жастар таңдауы» қоғамдық қоры, БСН 030640002111, жоғалған түпнұсқа құжаттары — Жарғысы мен Құрылтай шарты күшін жойған деп есептелсін. Табылған жағдайда төмендегі байланыс нөміріне қайтаруыңызды сұраймыз: +7 705 100 08 18.

Утерянные оригиналы документов Общественного фонда «Выбор молодых», БИН 030640002111. Устав, Учредительного договора» считать недействительными. Просим при обнаружении вернуть по указанным контактам: +77051000818.



СУИЦИДТІК МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚТЫ ЕРТЕ АНЫҚТАҒАН ЖӨН

Соңғы онжылдықта Қазақстанда жасөспірімдер мен балалар арасындағы суицид және өз-өзіне қол жұмсауға тырысу әрекеттері қоғамдық денсаулық мәселесі ретінде күн тәртібіндегі маңызды бағыттардың бірі болып тұр.

СТАТИСТИКАҒА СҮЙЕНСЕК...

Мысалы, 2023 жылы мемлекет деңгейінде балалар арасында тіркелген өлімге әкелетін суицидтердің саны және суицидке дейінгі әрекеттер өсімі туралы бірнеше дерек бар. Сол жылға қатысты кейбір есепте көмелетке толмағандар арасындағы суицидтердің саны 94-тен 139-ға дейін артып, өсім шамамен 48%-ға жетті деп көрсетілді.

2023 жылдың қаңтар-қазан айлары аралығында жасөспірімдер арасындағы суицид оқиғасы бойынша кейбір сараптама 169 жасөспірімнің қаза тапқанын растады. Осы кезеңдегі өсім жасөспірімдер арасында айтарлықтай жоғары болды.

Ал 2024-2025 жылдарға қатысты жаңартылған мониторинг деректері бойынша (үкіметтік және халықаралық агенттіктердің есептерінде) елде жүйелі шаралар қабылданып, кейбір көрсеткіштің өзгере бастағаны байқалды. Алайда 2025 жылы да өңірлер бойынша басқаша сипаттағы локальды өсу жағдайлары тіркеліп отыр. Мысалы, биылғы ресми хабарламаларда жылдың белгілі бір кезеңінде көмелетке толмағандар арасында 432 жағдай тіркелгені айтылды.

Ескерту: Қазақстандағы статистика өңірлік есептеу тәсілдері мен есепке алу практикасына байланысты, қатты ауытқуы мүмкін. Себебі кей жағдайда бұрын тіркелмеген оқиғалар кейін есепке алынады немесе тергеу деректеріне байланысты қайта есептеледі. Сондықтан аймақтық және уақыттық талдауда бірнеше дереккөзді салыстырып қараған жөн.

Халықаралық және жергілікті зерттеулер көрсеткендей, балалар мен жасөспірімдер арасындағы суицидтік мінез-құлық бір фактордан емес, бірнеше әлеуметтік, психологиялық және биологиялық факторлардың бірігуінен тұрады.

ЖИИ АТАЛАТЫН ФАКТОРЛАР

Мектептегі булинг және кибербулинг. UNICEF-тің зерттеулері бойын-

ша, мектептерде балалардың зорлану жағдайлары жиі кездеседі. Бұл психологиялық жарақат пен жалғыздықты күшейтеді.

Отбасылық проблемалар және әлеуметтік қолдаудың әлсіздігі. Белсенді қолдау жүйесінің болмауы, ата-аналардың стрессі, жанжалдар, ажырасулар жасөспірімдердің эмоционалдық жүктемесін арттыра түседі.

Психикалық денсаулыққа қоршаған орта мен қызмет көрсету жүйесінің жетіспеушілігі. Дәрігер және психолог қызметтерінің қолжетімсіздігі, кадр тапшылығы, стигма суицидтік мінез-құлықты ерте анықтауды және емдеуді қиындатады.

Интернеттегі үрей, суицидтік контент және тәлімгерліктің жоғалуы. Қауіпті контентке қол жеткізу, қауымдастықтардың «суицидтік идеясын» таратуы жасөспірімдерге зор ықпал етуі мүмкін.

ШАРАСЫЗДЫҚҚА ҚАРСЫ ШАРА

2023 жылғы 31 тамыздағы Үкімет қаулысы негізінде қабылданған кешенді жоспар балаларды зорлық-зомбылықтан қорғау, суицидтің алдын алу және жалпы әл-ауқатты нығайтуға бағытталған 53 іс-шарадан тұрады. Жоспар мектептерге бағытталған антибулинг шараларын, психологиялық көмекті кеңейту, отбасылық қолдауды күшейту, жағдайларды жүйелі тіркеу және шұғыл көмекті жетілдіру сынды тармақтарды қамтиды. Қаулының толық мәтіні ресми нормативтік-құқықтық базада жарияланған.

Одан бөлек, UNICEF пен Қазақстан Үкіметі мектептерде жасөспірімдердің психикалық денсаулығын нығайтуға бағытталған Adolescent Mental Health and Suicide Prevention Programme бағдарламасын дамытты. Ол бағдарлама мектептерге психологиялық қолдау жүйесін енгізу, ұстаздарды даярлау және жағдайды ерте анықтау протоколдарын енгізуге көмектеседі.

«111» тәрізді сенім телефондары мен

өңірлік психологиялық орталықтары да кеңейтіліп жатыр. Ресми хабарламалар бойынша, құрамға 460-тан аса маман енгізіліп, ондаған мың оқушыға алғашқы көмек көрсетілген. Сондай-ақ SIM KIDS пилоты сияқты цифрлық қорғау шаралары онлайн қауіптерді азайтуға бағытталған.

Қазір көп мектепте психологтар мен әлеуметтік педагогтар жұмыс істейді. Алайда олардың саны мен кәсіби біліктілігі әр аймақта әртүрлі. Сол сияқты, психиатриялық және психотерапиялық қызметтердің қолжетімділігі қалаларда жоғары болғанмен, шалғай аудан және ауылдық жерде әлсіз.

Ең маңыздысы, психикалық денсаулық мәселелеріне стигма тұрғындардың маманға жүгінуіне кедергі келтіреді және жоғары сапалы балалар-жасөспірімдер психотерапиясына мамандар жетіспейді. Суицид және жасырын әрекеттерді тіркеу мен талдаудағы үйлесімділіктің жоқтығы да нақты жағдайды толық сипаттауға кедергі жасап отыр.

Енді суицидке қарсы атқарылар негізгі жұмыстарға қажетті шараларды тізіп көрсек:

1. Мектептерде психологиялық сауаттандыру (эмоцияларды тану, дағдарыс дағдылары, достық қолдау шаралары). Бұл сабақтар бірінші кезекте мұғалімдер мен оқушыларға арналған тренингтер арқылы өтеді.

2. Антибулинг бағдарламалары (сабақтар, ережелер, мониторинг, жедел әрекет ету жүйесі). Қазақстанның Комплекс жоспарында бұл маңызды тармақ

ретінде көрсетілген.

3. Отбасылық қолдау шаралары. Ата-аналарды тәрбиелеу курстары, отбасылық консультация топтары.

4. Мектепшілік скрининг пен жылдам бағыттау (психологиялық қауіпті белгілер анықталған жағдайда маманға бағыттау).

5. Онлайн қауіптерді бақылау және цифрлық сауаттылық (жасанды қауымдастықтар, зиянды контентпен күрес). SIM KIDS сияқты пилоттық жобалар осы бағытқа жатады.

6. Дағдарыстық интервенция және қысқа мерзімді психотерапия (КПТ, ДВТ-элементтерін қолдану, қауіпсіздік жоспары). Сенім телефондарына қоңырау шалған жасөспірімге дереу көмек ұйымдастыру.

7. Дәрігерлік-психофармакологиялық қолдау (тек клиникалық көрсеткіштер бойынша және маман бақылауымен).

Сонымен қатар мектептерге аптасына 1 сағат «эмоционалдық сауат» сабақтарын енгізу, негізгі скрининг формасын жылына екі рет өткізу, оқиға тіркелсе, 48 сағат ішінде интервенция алгоритмін іске қосу қажет.

Ал әр обасының аптасына кемінде 30 минут «сапалы уақыт» (баламен сөйлесу, ойын) бөлені дұрыс. Ата-ананың қиын жағдайда қолдау көрсеткені жасөспірімге қорғаныс сезімін сыйлайды.

Жалпы, қазір суицидтік оқиғалар мен әрекеттер туралы әдеттегі статистика мен прокуратура, денсаулық сақтау, білім бөлімдерінің мәліметтерін бір жүйеге келтіру керек.



ПСИХОЛОГ ПІКІРІ

Балалар психологы Жанар Мұратқызының айтуынша, жасөспірімдер психикасы әлі қалыптасу үстінде болғандықтан, олар эмоциялық тұрғыда өте осал келеді.

«Суицидтік қауіптің бірнеше белгісі бар. Мысалы, бала кенет тұйықталса, бұрынғы қызығушылықтарынан бас тартса, ұйқысы мен тәбеті бұзылса, «ешкімге керек емеспін», «өмірдің мәні жоқ» деген сөздерді жиі айтса, бұл – елеусіз қалдыруға болмайтын маңызды белгілер. Сондай-ақ интернеттен өз-өзіне қол жұмсау туралы ақпараттарды жиі іздеу, қауіпті суреттер салу, заттарды «бөліп беру» әрекеті де назар аударуды талап етеді», – дейді сала маманы.

Біз өз тарапымыздан ондайда алдын алудың ең тиімді жолдары қандай екенін сұрадық. «Ашық қарым-қатынас», – деді психолог бірден. Содан кейін әңгімесін әрі өрбітті.

«Үйде бала өзін қауіпсіз сезінуі керек. Ата-ана оны тыңдай білсе, бағаласа, эмоциялық қолдау көрсетсе, суицидтің алдын алудың ең маңызды тетігі – сол. Мектеп психологтарының жұмысы да маңызды рөл атқарады. Олар ерте скрининг жүргізіп, тәуекел топтарын анықтауы қажет. Үшіншіден, булингке нөйдік төзімділік, психологиялық көмек орталықтарының қолжетімділігі, ақпараттық сауаттылықты арттыру сияқты қоғам деңгейіндегі шаралар жиі жүргізілуі керек. Сонымен қатар балаларға эмоцияларды басқару, стрессік жағдайда шешім қабылдау, көмек сұрау мәдениетін үйрету маңызды», – дейді Жанар Мұратқызы.

Одан кейін «Жасөспірімнің дағдарыс кезеңінде ата-ананың қандай қателіктерден сақтанғаны жөн?» деген сұрағымызға тоқетер жауабын берді.

«Ең үлкен қателік – баланың сезімін жоққа шығару. «Сенің мәселең түк емес», «басқаларда да қиындық бар» сияқты сөздер жағдайды ушықтырады. Екіншісі – жазалау немесе ұрысу. Дәл дағдарыс кезінде балаға қолдау, сенім және түсіністік керек. Қажет болса, міндетті түрде психолог немесе психотерапевтке жүгінген жөн. Ешқандай бала жаман ойға «әлсіз» болғандықтан бармайды. Ол жай ғана жалғыз қалғандықтан немесе көмекті қалай сұрауды білмегендіктен осындай тәуекелге бел буады. Сондықтан әр балаға қолдау мен жылулық қажет. Қиындықты бірге шешуге болатынын түсіндіру – басты құндылық», – деп түйіндеді сөзін маман.

Ерік ЕЛЕУСІЗ

ҚҰМАРПАЗ БОЛМА ӘРНЕГЕ...

Соңғы жылдары Қазақстанда құмар ойын бизнесінің жылдам дамуы қоғам үшін елеулі әлеуметтік проблемаға айналып отыр. Әлемдік ғылыми әдебиетте «лудомания» немесе «патологиялық құмарлық» деп аталатын бұл құбылыс адамның психикасына ғана емес, отбасылық, экономикалық және кәсіби өміріне де ауыр зардабын тигізеді. Бүгінде құмар ойынға тәуелділік жекелеген адамдардың мәселесінен асып, мемлекеттік деңгейде шешуді қажет ететін кешенді проблемаға айналған.

Бас прокуратураның ресми дерегіне сүйенсек, Қазақстанда заңсыз онлайн-казино қызметі бойынша, тек 2022 жылдың өзінде 200-ден аса іске тергелген. Ал елімізде тіркелген букмекерлік кеңселер саны 300-ден асып, олардың айлық айналымы миллиардтаған теңгеге жетіп отыр. Бір қарағанда, бұл көрсеткіштер экономикалық белсенділіктің артуы секілді көрінгенмен, шын мәнінде оның көлеңкелі тұстары әлдеқайда көп. Өйткені айналымның ұлғаюы құмар ойынға тартылған адамдар санының өсіп жатқанын білдіреді. Демек мемлекеттік органдардың алдында бұл нарықты реттеудің жаңа әдістерін қалыптастыру міндеті тұр.

Психолог мамандардың айтуынша, ойынқұмарлардың басым бөлігін 18-35 жас аралығындағы азаматтар қамтиды екен. Бұл – елдің ең белсенді, еңбекке қабілетті, болашағы үлкен әлеуметтік тобы. Жастардың «жеңіл табысқа» деген құмарлығы, әлеуметтік желілер мен онлайн-ставкалардың қолжетімділігі оларды қауіпті ортасына тез кіргізеді.

Лудомания – есірткі немесе алкоголь секілді тәуелділіктің ең күрделі түрлерінің бірі. Өйткені адам оны ойын деп қабылдап, өз дертін мойындамай,

керісінше, ұтылып жатқан ақшасын қайтаруға тырысып, тұйыққа тіреліп, ұйыққа бата береді. Сөйтіп айналысымен байланысын үзіп, отбасылық қарым-қатынастарды күйретіп, қарызға белшеден батады.

Еске сала кетсек, «Ойын бизнесі туралы» арнаулы заң 2007 жылдан бері қолданыста. Қағаз жүзінде ол интернет-казиноға тыйым салып, ойын бизнесі қызметін тек Қапшағай мен Бұрабай аймақтарында шектеуді көздейді. Алайда тәжірибеде мүлде басқаша жағдай қалыптасқан. Интернет-казино платформалары смартфон арқылы кез келген үйге кіріп алды. Букмекерлік кеңселердің саны артып, жарнамасы барлық медиа кеңістікті жаулады. Сөздің ашығы сол, бұл заңның уақыт талабына толық сай еместігін көрсетеді.

Одан кейін, яғни 2023 жылдан бері Қазақстанда құмар ойыншылардың бірыңғай онлайн-реестрі іске қосылды. Онда өзін-өзі шектеу туралы өтініш берген азаматтарға онлайн-ставка жасауға тыйым салынады. Бірақ бұл жүйе мәселені толық шешуге жеткіліксіз.

Шетелдік тәжірибеге сүйенсек, Ұлыбритания – құмар ойын индустриясын ең қатаң бақылайтын елдердің бірі.

Онда жарнамаға шектеу қойылған, ал бұзушылықтар үшін айыппұлдар өте жоғары. Оңтүстік Кореяда тұрғындардың 90%-ына казиноға кіруге заңмен тыйым салынған. Ойын бизнесі шетелдік туристерге ғана бағытталған. Қазақстан үшін де осы бағыттар маңызды. Атап айтқанда, букмекерлік жарнамаларды толық тоқтату, онлайн-ойындарды бұғаттауды күшейту, құмар ойын бизнесінен түсетін табыстың белгілі бөлігін лудоманиямен күреске бөлу – кешіктірмей қолға алынуға тиіс шаралар.

Статистикадан бөлек, өмірден алынған мысалдар ойынқұмарлықтың қаншалықты қауіпті екенін айқын көрсетеді. Мысалы, астаналық Ерлан алғаш букмекерлік кеңсеге досының ұсынысымен барған.

«Алғашында 2 мың теңгеден бастадым. Кейін сәтті екі ұтыс мені дәмелендірді. Біраз уақыттан соң несие ала бастадым. Ақыры отбасымнан айырылып тындым», – дейді ол өкінішпен.

Қазір Ерлан қарыздарын жабу үшін бірнеше жұмысты қатар атқаруға мәжбүр. Сондай-ақ студент қыз Айдана онлайн-ставкаға әуестеніп, ата-анасы жинаған оқу ақшасын жоғалтқан.

«Бәрі оңай болады деп ойлады. Қай-



тар жол болмай қалды. Психологиялық күйзеліс басталды», – дейді ол.

Қазір Айдана психологтың көмегіне сүйеніп жүр. Оның оқиғасы – көптеген жасөспірімге сабақ болуға тиіс.

«Лудомания – нашақорлық пен алкогольге тәуелділіктен кем түспейтін дерт. Ең қиыны – ойыншы өзінің проблемасын мойындамайды. Сондықтан отбасылық бақылау, профилактика және ақпараттық түсіндіру жұмыстары өте маңызды», – дейді психолог Гүлнар Сейдахметова.

Ал заңгер Айдос Қалиевтің айтуынша, құмар ойын бизнесін шектеу тек лицензия берумен тоқтамауы керек. Интернет-казиноға қарсы тиімді киберқадағалау енгізілмейінше, мәселе шешілмейді.

«Жастарды еңбекке, кәсіпкерлікке баулу қажет. Әйтпесе, «жеңіл табыс» психологиясы тұтас бір буынды тығырлыққа тірейді. Лудомания – әлеуметтік

тұрақсыздықтың тікелей көрінісі», – дейді әлеуметтанушы Айнұр Жұмабекова.

Сонымен бұл құмар ойынның кең таралуы дегеніміз – ұлттық қауіпсіздікке, отбасы беріктігіне, жастар саясатына кері әсер ететін кешенді проблема. Егер мемлекет, қоғам, ата-ана және әрбір азамат бірігіп, алдын алу шараларын жүргізбесе, лудоманияның салдары тереңдей береді.

Жарнаманы шектеу, заңнаманы жаңарту, психологиялық көмек көрсету жүйесін күшейту, жастардың бос уақытын пайдалы арнаға бұру – бүгінгі шешімін күтетін маңызды міндеттер.

Қазақ қоғамы бұл қауіптің күшті екенін мойындап, нақты әрекетке көшуге тиіс. Өйткені құмар ойын – тек ұтылған ақша емес, тұтылған тағдырлар мен жұтылған ғұмыр.

Еркеғали БОЛАТҰЛЫ

ДҰРЫС ДІНИ САУАТ АШУДЫҢ АЛҒЫШАРТТАРЫ ҚАНДАЙ?

Қазіргі қоғамда діни сауаттылық мәселесі күн тәртібінен түспей келеді. Әсіресе жастардың теріс діни ағымдардың ықпалына түсіп кетуінің басты себептерінің бірі – дұрыс бағытта діни сауатының болмауы. Діни сауат – адамның тек діни ритуалдарды білуі ғана емес, алдымен сол дінді ғылыми, құқықтық және әлеуметтік тұрғыдан түсіне алуға тиіс. Бұл мақалада дұрыс діни сауат ашудың негізгі алғышарттары мен оларды іске асыру жолдары қарастырылады.



Дәстүрлі діни көзқарасты түсіну – негізгі шарт. Діни сауат ашуда ең алдымен Қазақстан Республикасында танылған, кең тараған дәстүрлі діни бағытты дұрыс ұғыну қажет. Діни сауат ашуға кіріскен әрбір азамат алдымен осы дін мен дәстүрдің негіздерін, ерекшеліктерін, қалыптасу тарихын, ілімінің мазмұнын зерттеуге көңіл бөлуге тиіс.

Алайда соңғы жылдары интернеттегі деструктивті уағызшылар мен бейресми топтардың ықпалымен кейбір азаматтар өзге діни ағымдарға еріп кетіп жатқанын байқап отырмыз. Бұл – көбіне өз бетінше, бақылаусыз «сауат ашудың» салдары. Сондықтан діни білімді тек рұқсат етілген оқу орындары мен білікті мамандар арқылы алу – діни тұрақтылықтың басты кепілі.

Бұл тұрғыда теологтар мен дінтанушылардың рөлін күшейту де маңызды болмақ. Діни сауат ашуда кәсіби мамандардың көмегі айрықша маңызды. Теологтар, дінтанушылар, дін қызметкерлері және психологтар жастарға дінді тек сенім тұрғысынан ғана емес, рухани, әлеуметтік және заңдық аспектіде де түсіндіре алуы қажет. Көп жағдайда азаматтар «дін – тек намаз оқу мен ораза ұстау» деп қабылдайды. Бірақ ол – адамның отбасындағы, қоғамдағы, мемлекеттегі қарым-қатынасын реттейтін кең ауқымды жүйе. Осы тұста кәсіби мамандардың діннің кең тынысын түсіндіріп, қоғамдағы ерекше діни сауалдарға жауап бере отырып, адасушылықтың алдын алуы маңызды.

Интернет кеңістігіндегі діни ақпараттарды сүзгіден өткізе білу де керек.

Көптеген азаматтың діни білімді интернет арқылы алып жүргені жасырын емес. Алайда ғаламтор – ашық орта. Онда кімнің не айтып жатқанын ешкім толық қадағалай алмайды. Осы себепті діни сауаты төмен жастар радикалды және деструктивті идеологияны насихаттайтын топтарға тап болып жатады.

Интернеттегі Youtube, Telegram, Instagram, TikTok секілді платформа-ларда кез келген адам «уағызшы» бола алады. Сондықтан діни мазмұндағы видеолар мен жазбаларды тыңдамас бұрын, оның авторының біліктілігін, шынайы дінмен байланысын, мазмұнының сәйкестігін тексеру қажет. Бұл – рухани қауіпсіздіктің алғашқы қадамы.

Діни сауаттылықты арттыруда діни және зайырлы білімнің үндестігі туралы да сөз қозғалады. Діни сауаттылық – тек Құран аяттарын немесе хадис жаттау емес, дін мен мемлекеттің арақатынасын түсіну, заң мен сенімнің шекарасын ажырата білу. Қазақстан – зайырлы мемлекет. Мұнда әр азаматтың діни сенім бостандығы Конституциямен кепілдендірілген, бірақ ешбір дін заңнан жоғары қойылмайды.

Азаматтардың кейбірі діни сенімді жеке тәжірибеге айналдыру мен оны заң аясында ұстану мәселесінде қателік жібереді. Мысалы, заңдық нормаларды білмеу салдарынан кейбір азаматтар діни себеппен білім алудан немесе жұмыс істеуден бас тартып, қоғамнан оқшауланып жатады. Бұл – діни сауатсыздықтың салдары, дұрыс таңдау емес. Сондықтан дұрыс діни сауат тек қана шариғи емес, құқықтық және әлеуметтік сауаттылықпен қатар жүруге

тиіс.

Отбасындағы тәрбие – діни иммунитеттің бастауы. Дұрыс діни түсінік отбасыдан басталады. Балаға алғашқы рухани бағытты көбіне ата-ана береді. Сондықтан ата-аналар діни мәселеде сауатты болуға, өз баласына дұрыс үлгі көрсетіп, қажет болса, білікті мамандардың көмегіне жүгінуге тиіс. Көп жағдайда ата-аналар өз баласының интернеттен қандай діни контент көріп жүргенінен бейхабар. Баланың тұйықталып, сыртқы ортамен байланысынан ажырап, өзін «таңдаулылардың» қатарында көруі деструктивті ағымдардың белгілері болуы мүмкін. Мұндайда ата-ана дереу әрекетке көшіп, баласының сенімдік бағытын тексеруі қажет.

Қазіргі заманда дінді түсіну мен ұстану азаматтың қоғаммен, мемлекетпен, отбасымен дұрыс қарым-қатынаста болуына да әсер етеді. Сондықтан діни білімді дәлелді, ресми, дәстүрлі бағытта алу әрбір дін ізденушінің жеке жауапкершілігіне жатады. Жастардың теріс ағымдарға түсіп кетуінің алдын алудың бірден-бір жолы – оларды уақтылы, дұрыс бағытта ақпараттандыру, кәсіби мамандармен жұмыс жүргізу және зайырлы қоғамда өмір сүру мәдениетін қалыптастыру.

Діни сауатты болу – тек ақыреттік емес, осы өмірдегі де тыныштық пен тепе-теңдіктің кепілі.

**«ALDASPAN» талдау орталығы,
Қосшы қаласы ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімінің мемлекеттік әлеуметтік тапсырысы бойынша**

ИНТЕРНЕТТЕГІ ҚАТЕ ДІНИ АҚПАРАТТАРДЫҢ ЗАРДАБЫ ҚАЙДА АПАРАДЫ?

Қазір интернет арқылы ақпарат қолжетімді, жылдам және шексіз кеңістікте тез тарайды. Алайда осы шексіздіктің ішінде адам санасын бұзатын, қоғамды шатастыратын, жас ұрпақты адастыратын жалған діни мазмұндардың да кездесетіні жасырын емес. Қоғамда діни сауаты төмен адамдар үшін интернеттегі мұндай ақпараттар қауіпті тұзаққа айналып тұр. Оның зардабы жеке адамның тағдырына ғана емес, тұтас ұлттың рухани тұтастығына зиянын тигізуі мүмкін. Сондықтан интернеттен алынған діни мәліметтердің шынайылығы мен маңызын ажырата білу маңызды.

Бүгінде әлеуметтік желілер арқылы таралатын діни мазмұндағы бейнероликтер, аудиожазбалар, түрлі мәтіндік уағыздар көпшіліктің назарына тез ілігеді. Бірақ олардың бәрі бірдей сенімді емес. Көбіне дін ғылымын терең меңгермегендер немесе белгілі бір мақсатпен әдейі бұрмаланған идеологияны таратып жүрген топтар интернет арқылы көпшілікке жалған ақпараттарды ұсынады. Мұндай деректер бір жағынан адамдардың санасын улап, екінші жағынан арандатушылыққа жол ашуы мүмкін. Әсіресе жастар арасында қалыптасатын діни ұстанымға әсері өте үлкен. Жастықтың ізденісі мен сенімшілігі кей кездері оларды бұрыс бағытқа жетелеп, діннің атын жамылған радикалды ойларға еліктеугі ықтимал.

Интернеттегі қате діни ақпараттардың қауіптілігі – олардың өте сенімді түрде берілуінде. Әдемі адам, тартымды монтаж, әсерлі музыка немесе діни, ғылыми сөздермен көмкерілген жалған уағыздар білімсізге ақиқат секілді көрінеді. Осыдан кейін адам күмәнданбай, оның мазмұнын шындық деп қабылдап, соған сәйкес әрекет ете бастайды. Міне, қауіптілік дәл осы тұста жатыр. Әрбір бейне немесе мәтін адамның көзқарасын өзгертеді. Әсіресе діни тақырыпта берілсе, адамның ішкі сенімі мен рухани бағытына тікелей ықпал етеді.

Интернеттегі жалған діни ақпараттардың ең үлкен зардабы – қоғамға жік түсіру. Біреулер өзін «ақиқат жолындамын» деп есептеп, өзгелерді «қателескен» көріп, пікір қайшылығын ушықтыра бастайды. Осындай қайшылықтар қоғам арасында түсінбеушілік тудырып, адамдардың бір-біріне деген сыйластығын әлсіретеді. Өкінішке қарай,

кейде тіпті отбасының ішіне де іріткі салып, бала мен ата-ананың арасына сына қағатын жағдайлар кездеседі. Қате қабылдаған діни түсініктің кесірінен көптеген жастар ата-анасынан безіп, дәстүрден алыстап, қоғамнан оқшаулануға дейін барады. Бұл – тек жеке адамның ғана емес, елдің болашағына кері әсер ететін үлкен мәселе.

Сонымен қатар интернеттегі радикалды мазмұндардың таралуы ұлттық қауіпсіздікке де айтарлықтай қатер төндіреді. Кейбір ағымдардың пиғылы – қоғамдық тұрақтылықты бұзу, адамдарды заңға бағынбауға шақыру, мемлекеттің құндылықтарын мансұқтау. Мұндай идеяларды қабылдаған адамдар шынайы өмірде де агрессивті әрекеттерге баруы мүмкін. Сондықтан әлем елдері жалған діни ақпараттарға қарсы тұруды мемлекеттік деңгейдегі маңызды міндет ретінде қарастырады. Қазақстан да бұл бағытта ақпараттық қауіпсіздік жүйесін күшейтіп, діни сауатты арттыруға ерекше назар аударып келеді. Жыл сайын елімізде Дін істері комитеті тарапынан бұған қатысты көптеген бұғаттау жұмыстары ұйымдастырылып отыр.

Адамның діни сауатсыздығы жалған ақпараттарды анықтауды қиындатады. Сол себепті мамандар діни білімді ресми мекемелерден, беделді ғалымдардан және мемлекеттік органдардың мақұлдаған платформаларынан алуға кеңес береді. Мешіт имамдары мен теологтар да интернеттегі әрбір ақпаратқа сын көзбен қарауды, ең әуелі оның қайдан шыққанын тексеруді, шынайы діни қайнаркөздерге жүгінуді үнемі ескертіп отырады. Бұл – тек дін жолындағы адамдарға ғана емес, қоғамның барлық мүшесіне ортақ міндет. Себебі жалған ақпаратқа



сенген бір адамның әрекеті бүкіл ортаға әсер етеді.

Қате діни ақпараттардың тағы бір жағымсыз әсері – адамның психологиясын бұзу. Дінге жаңадан бет бұрған кей адам бұрмаланған уағыздарды тыңдап, қорқынышқа беріледі немесе өз-өзіне күмән келтіреді. Біреулердің құнара «дүние ақыры», «жазалау», «адасқандар» туралы жалған жазбалары рухани күйзеліске әкелуі мүмкін. Дін адамға тыныштық пен мейірім әкелуге тиіс болса, жалған ақпараттың кесірінен, керісінше, адам үрейленіп, тұйықталып, өмірдің мәнін дұрыс түсінбей қалуы ықтимал. Ал бұл – кез келген діннің түпкі мақсатына қайшы.

Цифрлық дәуірде ақпаратты сүзбей қабылдау өте қауіпті, әсіресе діни тақырыпта. Сол себепті әрбір азамат танымдық иммунитет қалыптастыруға тиіс. Тексерілмеген ақпаратты қабылдамау, бірден бөліспеу, дереккөзін анықтау, маманға жүгіну, осының барлығы – интернеттегі жалған діни деректерден сақтанудың жолдары. Сонымен қатар, жастардың діни сауатын көтеру, ойлау қабілетін дамыту, ақпараттық мәдениетін қалыптастыру – мемлекет пен

ата-ананың ортақ міндеті.

Технология дамыған сайын жалған ақпарат та көбейе береді. Бірақ оған қарсы тұратын ең күшті құрал – сауатты білім. Нағыз діни білім адамды адастыруға емес, дұрыс жол көрсетіп, қоғамға пайда әкелуге бағытталады. Сондықтан діни мәселеде ақпаратты интернеттен емес, сенімді мамандардан алу әрбір адамның өзі үшін де, қоғам үшін де жауапкершілік болмақ.

Интернеттегі қате діни ақпараттардың зардабы адамды адастырып қана қоймай, оның тағдырына, отбасының татулығына, қоғамның тұрақтылығына әсер етеді. Сол себепті кез келген ақпаратты сүзгіден өткізіп, оның шынайылығын анықтау – өзекті мәселе.

Дінді шатастыруға емес, меңгеруге арналған білімге жүгінгенде ғана біз рухани тұтастығымызды сақтап, болашақ ұрпақты адасудан қорғай аламыз.

**«ALDASPAN» талдау орталығы,
Қосшы қаласы ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімінің мемлекеттік әлеуметтік тапсырысы бойынша**

КУДА ОБРАЩАТЬСЯ ДЛЯ СООБЩЕНИЯ О КОРРУПЦИИ

Коррупция является угрозой национальной безопасности, благополучия каждой семьи, светлого будущего наших детей и развития страны в целом.

Любой человек по закону вправе активно участвовать в противодействии этому злу. Лицо, оказывающее содействие в противодействии коррупции, находится под защитой государства (пункт 3 статьи 24 Закона «О противодействии коррупции»). Информация о таком лице является государственным секретом.

Если Вы полагаете, что стали свидетелем либо жертвой коррупции, Вы можете сообщить об этом одним из следующих способов:

- позвонить с мобильного или стационарного телефона по бесплатному номеру 1424 в Call-центр, консультанты которого дадут исчерпывающие разъяснения о дальнейших шагах либо обеспечат незамедлительное реагирование для пресечения фактов коррупции.

- письменно обратиться по почтовому адресу: 010000, город Нур-Султан, ул. Сейфуллина 37 структурного подразделения КНБ РК по противодействию коррупции либо в территориальные Департаменты Агентства по месту проживания (пребывания).

- отправить обращение через онлайн-сервис портала электронного правительства egov.kz (требуется наличие электронной цифровой подписи – ЭЦП).

- написать на блог Руководителя на сайте «Открытый диалог» или на сайте КНБ РК.

1	2	3	4	5			6	7	8			9
	10					11					12	
13		14			15					16		
17	18		19	20					21			
22		23		24				25			26	
27			28		29		30			31		
	32			33			34				35	
36		37				38			39			40
41	42		43			44		45		46		
47		48			49				50		51	
52				53					54	55		
56			57					58			59	
		60					61					

«Jana Bastau» газетінің №46 (185) санында жарық көрген кроссвордтың дұрыс жауаптары:

Р	О	М	А	Н		Б		Т	Ө	Б	Е	Т
Е		Ы		А	К	У	Л	А		А		Е
Т	А	Р	Т	У		Р		Б	А	Р	Ы	С
Р		З		А	С	А	Б	А		Б		Л
О	Т	А	Р		П		И		М	И	Н	А
	О		А	Л	А	Б	А	М	А		Ө	
А	Н	О	Д		Р		Т		Р	О	М	Б
	У		О	Р	Т	А	Л	Ы	Қ		І	
А	С	А	Н		А		О		А	Г	Р	О
С		П		И	К	О	Н	А		И		М
Т	Е	А	Т	Р		Р		Р	И	Е	К	А
Р		Ч		А	Л	А	Ш	А		Н		Х
А	П	И	Ы	Н		Қ		Д	Р	А	М	А

ТІГІНЕН:

2. Араб әліпбиіндегі әріп. 3. Тотықус түрі. 4. Жапониядағы қала. 5. Алақан іші. 6. Мұртты ірі балық. 7. Төлеген Айбергеновтың өлеңі. 8. Қалың орман. 9. Мажар автобусы. 11. Сауда-саттық орны. 12. Кавказдағы халық. 13. Жеміс-жидектен жасалатын сусын түрі. 15. Құран сүресі. 16. Шипа, дауа. 18. Италиян авто маркасы. 20. Грек әліпбиіндегі әріп. 21. «Еріншек» мәңгі. 23. Жер бедеріндегі кедір-бұдыр. 25. Канададағы көл. 28. Қонақүй түрі. 30. Ортаазиялық ит тұқымы. 31. Африкадағы ел. 33. Тігінші құралы. 35. Солтүстік атлантикалық келісім ұйымы. 36. Тәуелсіз, еркін. 38. Италиядағы қала. 40. Дәнді-дақылдардың бір түрі. 42. Күші аз, әлсіз. 45. Тоқ емес. 48. Ат әбзелі. 49. Шағын су жолы. 50. Жабдылып жұмыс істеуге көмекке шақыру. 53. Еткен еңбегі, істеген ісі үшін төленетін төлем. 55. Үстел ойыны. 57. Жер серігі. 58. Қазақстандағы өзен. 59. Ождан, намыс.

КӨЛДЕНЕҢІНЕН:

1. Басқа орайтын жаулық. 6. Франциядағы футбол командасы. 10. Операда жеке дауыста орындауға арналған ән. 11. Қыз есімі. 12. Танымал қару маркасы. 14. Шахмат фигурасы. 15. Қосмекенді жәндік. 16. Танымал кәріс дорамасы. 17. Түркиядағы қала. 19. Бес парыздың бірі. 21. Кісі есімі. 22. Бразилиядағы ірі қаланың қысқаша аты. 24. Жібек және зер жіптермен өрнектеле тоқылған көмкерме. 25. Франциядағы қала. 26. Тайпалар бірлестігі. 27. Үлкен асық. 29. Кавказдағы тау. 32. Оңтүстік Америкадағы шөп қоректі жануар. 34. Цитрусты жеміс. 37. Орталық Америкадағы ел. 39. Кварцтекті асыл тас. 41. Шығыс Азиялық үстел ойыны. 43. Бір нота. 44. Инабат, ұят. 46. Хирургиялық амал. 47. Кіші Жүз батыры. 49. Қазақ ханы. 51. Апан, шұңқыр. 52. Көне тілде жылан. 53. Таң шапағы. 54. Тіршілік көзі. 56. Халық, көпшілік, жұрт. 57. Әдебиет өкілі. 58. Қысқы көлік түрі. 60. Малдың құлағына салынатын еннің бір түрі. 61. Туристік және емдеу-профилактикалық мекемелер кешені.

Сөзжұмбақты құрастырған: Аршат Ораз (жауаптары газеттің келесі нөмірінде)

«+QALA»

ҚОЙЫЛЫМЫ ҚОСШЫЛЫҚТАРДЫҢ ЖҮРЕГІНЕН ЖОЛ ТАПТЫ

Қосшы қаласындағы Қоғамдық мәдени-спорт кешені 28 қараша күні кешке адамға ерекше лық толы болды. Оның себебі де бар. Жаңа қойылымды тамашалауға жиналған жұрттың жүзінен қызығушылық пен қуанышты сезім қатар байқалды. Өйткені мұнда қаламгер, «Дарын» жастар сыйлығының иегері Бақытбек Қадырдың «+Qala» лирикалық комедиясының премьерасы өтетін. Атауы айтып тұрғандай, қойылымның қосшылықтарға тікелей қатысы бар. Хош...

Премьера басталған сәтте зал іші бір сәтке тына қалып, жарық сөнген бойда сахнадағы алғашқы кадр көрерменді өзіне тартып әкетті. Актерлердің әр қимылының өзі Қосшының тынысын, жаңа қалаға тән көзқарас пен менталдық ерекшелікті дәл бергендей әсерде болды.

Бір подъезде тұратын үш отбасының оқиғасы – қазіргі Қосшыдағы шынайы өмірдің дәл өзі еді. Бір жағында элита өкілі, екінші жақта ауылдан келген азамат, үшінші бетте жас буын. Әрқайсысының көзқарасы бөлек, мінезі басқа болғанымен, бәрінің басын қосқан орта – Қосшы қаласы.

Комедияның әр эпизодында көрермен өзін немесе көршісін танып отырғандай әсер қалдырды. Бірде зал ду күлігіге батып жатса, бір сәтте тыныштала қалып, актердің сырына үңілгендей күйге енеді. Лирикалық сәттерде көрерменнің жүзіндегі жылылық анық байқалады. Бұл, әсіресе, Қосшыдағы өмірдің қадірін, достық пен көрші болудың мәнін айтқан тұстарда ерекше сезілген-ді.

Қойылым арасындағы үзілісте журналистерге пікір білдірген қоюшы режиссер Жұлдызбек Жұманбай туынды атауындағы «+» белгісінің мәнін былай түсіндірді:

«Қосшы – үнемі адамдар қосылып жатқан қала.

Жаңа тұрғын, жаңа тыныс, жаңа энергия. Сол себепті біз атауға «қосу» белгісін қойдық. Ал қойылымның негізі – бір подъездегі үш отбасының оқиғасы. Үш түрлі буын, үш түрлі мәдениет. Сол арқылы жас қаланың жаңа таныстық пен ауызбіршілікке қалай ұласатынын көрсеткіміз келді», – деді ол.

Режиссердің айтуынша, Qosshy ойын-сауық театрының алғаш ашқан шымылдығы дәл осы тарихи қойылым болуын қалаған. «Қосшы» атауының өзі де кезінде «елге ел қосылса – құт» деген мағынамен қалыптасқанын ол ерекше атап өтті.

Спектакльдегі рөлдер өз енін тапқандай әсер қалдырды. Амантай рөліндегі Жұлдызбек Жұманбай мен Гүлзираны сомдаған Әсем Даниярова сахнада ерекше үйлесім көрсетті. Жас буын өкілі мен ауыл азаматының өмірге көзқарасын жеткізген актерлер Ақайдар Дінмұхаммед пен Әйгерім Шарипова көрермен көңілінен шықты. Сондай-ақ қосшылық тұрғындар Ерлан – Әмірхан Оразбақ, Дана – Баян Жұбанова, электрик – Нұрәулет Қуланбек, бейтанис жігіт – Дастан Қошмағанбет, оның әйелі – Гүлден Молдахметованың актерлік қабілеттеріне де тәнті болды.

Залда отырған көрермендердің кейде ду күліп,



кейде үнсіз ойға батуынан актерлердің ойыны дәл тиіп жатқанын аңғаруға болатын.

Премьерадан соң біз пьеса авторы Бақытбек Қадырдың қойылымдағы негізгі идея туралы сұрадық.

«Бұл – тек комедия емес. Бұл – Қосшының бүгінгі жүрегі. Мен осы қаланың алғаш қала мәртебесін алған сәтін кәу болдым. «+Qala» – жаңа қаланың ақ парағы. Оны қалай жазу – біздің қолымызда. Қалғанын көрерменнің бағасына қалдырдым», – деді жас драматург.

Автордың сөзінен Қосшы қаласына деген шынайы ықылас пен жан жылуы айқын сезілді. Оның алғашқы романы да, алғашқы прозалық жинағы да дәл осы қалада жазылғаны кездей-

соқ емес. Қаламгердің айтуынша, Қосшыда ақын-жазушылар көп шоғырланған, ал олардың арасындағы көршілік қарым-қатынас пьесаның мазмұнына да тікелей әсер еткен.

Қойылым соңында зал толы көрермен ұзақ қол соқты. Олар «Мынау біздің қала ғой!», «Өте жылы, өте шынайы шыққан екен» десіп, шын көңілден ризашылық білдіріп жатты. Жастар сахна алдына келіп суретке түсіп, үлкендер актерлерге алғыс айтты.

«+Qala» комедиясы Қосшы қаласының рухын, менталитетін, бүгінгі жанаруын сахнада айқын көрсеткен қойылым ретінде есте қалды. Жас қаланың мәдени өміріндегі маңызды қадам болғаны анық.

НӘЗІК ЖАНДЫЛАРҒА ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ
ҚОЛДАУ КӨРСЕТІЛДІ

Қосшы қаласында гендерлік зорлық-зомбылықтың алдын алу тақырыбына арналған маңызды тренинг болды. Іс-шара жыл сайын 25 қараша – Әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықты жою үшін күресудің халықаралық күні мен 10 желтоқсан – Адам құқықтары күні аралығында ұйымдастырылатын «Гендерлік зорлық-зомбылыққа қарсы 16 күн белсенді іс-қимыл» халықаралық науқаны аясында өткізілді.

Тренингті Қосшы қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі жанындағы Отбасыларды қолдау және сүйемелдеу орталығы ұйымдастырды. Оған ішкі саясат бөлімінің бас маманы С.М. Казенова, полиция бөлімінің әйелдерді тұрмыстық зорлық-зомбылықтан қорғау жөніндегі инспектор Д. Баянхан, білім бөлімі қамқоршылық және қорғаншылық органы өкілі М.У. Казиева, «Аққу» дағдарыс орталығының өкілі С.Н. Исаева, жастар ресурстық орталығының өкілі М.М. Дүйсенбаева, сондай-ақ мектептердегі тәрбие ісіне жауапты мамандар, психологтар және медициналық мекемелердің әлеуметтік қызметкерлері қатысты.

Іс-шараның басты мақсаты — зорлық-зомбылықтың түрлі түрлерінен қорғану механизмдері туралы хабардарлықты арттыру, қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын дамыту және қолжетімді көмек құралдарын кеңінен таныстыру.

Тренинг барысында тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу, отбасылық жанжалдарды ерте анықтау, ведомстволарлық өзара әрекеттесу тәртібі, сондай-ақ білім беру мен медицина ұйымдарының тәуекел тобындағы отбасыларға қолдау көрсету рөлі жан-жақты талқыланды. Қатысушылар зорлық-зомбылықтың кез келген түріне қоғамның нәзік төзімділігін қалыптастыру қажеттігін ерекше атап өтті.

Зорлық-зомбылық – қазіргі қоғамның ең өзекті әлеуметтік мәселелерінің бірі. Ол жеке адамның тағдырына ғана емес, тұтас ұрпақтың қалыптасуына әсер ететіні айтылды. Сондықтан бұл проблемалармен күрес – отбасының, мемлекеттің және жалпы қоғамның ортақ міндеті. Баланың амандығы мен отбасының қауіпсіздігі – баршамыз үшін негізгі құндылық екені баса көрсетілді.

Іс-шараға қатысушылар өз тәжірибелерімен бөлісті.



«Аққу» дағдарыс орталығының өкілі С.Н. Исаева орталық жұмысының бағыттары туралы баяндап, қиын жағдайға тап болған әйелдердің өмірлік оқиғаларын мысалға келтірді. Полиция бөлімінің инспекторы Дина Баянхан да тұрмыстық зорлық-зомбылық фактілері бойынша түсетін хабарламаларға ден қою тәжірибесін бөлісіп, нақты жағдайлар негізінде түсіндірме жасады.

Бағдарламаның негізгі бөлігі психолог А.К. Адильбекова жүргізген тренинг болды. Қатысушы-

лар ұсынылған жағдайлық тапсырмаларды талдап, өзара пікір алмасып, нақты өмірлік оқиғаларға арналған шешу жолдарын бірге қарастырды.

Кездесу соңында қатысушылар зорлық-зомбылықтың алдын алу саласында жұмыс істейтін ұйымдар арасындағы ынтымақтастықты күшейту, ақпарат алмасуды кеңейту және әрекет ету тетіктерін жетілдіру қажеттігін атап өтті. Бұл азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін тиімді қорғауға мүмкіндік беретіні айтылды.

Облыс қыздары арасында волейболдан чемпионат өтіп жатыр

Ақмола облысының қыздары арасындағы волейболдан күзгі чемпионат биыл алғаш рет Қосшы қаласында ұйымдастырылды. Жарыс «ALAN» дене шынықтыру-сауықтыру кешенінде және Қосшы қаласының қоғамдық мәдени-спорт кешенінде өтіп жатыр.

Байрақты бәсеке екі жас санаты бойынша өтуде. Онда 2009-2010 жылдары туған қыздар және 2011-2012 жылдары туған спортшылар өзара шеберлік байқасып жатыр.

Чемпионаттың мақсаты – жас волейболшылардың кәсіби тұрғыда дамуына қолдау көрсету, саламатты өмір салтын кеңінен насихаттау және спортқа, әсіресе, волейболға қыздардың қызығушылығын арттыру.

«ALAN» кешенінде чемпионаттың ресми ашылу салтанатында Қосшы қаласы ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімінің басшысы Айнагүл Көңбайқызы құттықтау сөз сөйлеп, қатысушыларға сәттілік тіледі.

Чемпионатқа Қорғалжын, Целиноград, Есіл, Шортанды, Ерейментау, Астрахан, Ақкөл аудандарының балалар мен жасөспірімдер спорт мектептері, сондай-ақ Зеренді ауданының «Жігер» БЖСМ, Көкшетау, Степногорск және Қосшы қалаларының құрамалары қатысып жатыр.

Жарыс 30 қараша күні мәресіне жетеді.

Бетті дайындаған Ғани АТЫМТАЙ